



010000, Астана қаласы, Министрліктер үйі,
Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 3-кіреберіс,
тел.: +7 (7172) 55 57 63, +7 (7172) 55 58 40,
e-mail: office@minagri.gov.kz

010000, город Астана, Дом Министерств,
проспект Мәңгілік Ел, 8, 3-подъезд,
тел.: +7 (7172) 55 57 63, +7 (7172) 55 58 40,
e-mail: office@minagri.gov.kz

№

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2024 жылғы 29 наурыздағы
№ ДС-143 хатқа

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Сіздердің жайылым жерлерді суландыруға қатысты апан-қазаншұңқырларды салу мәселесі туралы депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

2023 жылға дейін «Агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салынымдар кезінде жұмсаған шығыстарының бір бөлігінің орнын толтыру бойынша субсидиялау қағидалары» (бұдан әрі - Қағидалар) шеңберінде еріген қар суларын жинау үшін жасанды су айдынын (тоғанын) құруға арналған № 34 паспорт болған, оның инвестициялық салымдарды өтеу үлесі 25 %-ті құраған.

Аталған паспортқа сәйкес бір реттік толтыру кезінде пайдалы көлемі кемінде 4000 текше метр болатын еріген қар суын жинауға арналған қолдан жасалған су қоймасын (тоған) салу үшін пайдалы көлемнің 1 текше метріне барынша рұқсат етілетін күн 2400 теңгеге дейін субсидияланған.

2023 жылы қолданыстағы инвестициялық субсидиялау қағидаларына талдау жұмыстарын жүргізу нәтижесінде және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ұсыныстары негізінде № 34 паспорт Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 29 қарашадағы № 409 бұйрығымен алынып тасталды.

Айта кету керек, 2015-2023 жылдары аралығында, яғни № 34 паспорт қолданыста болған 8 жыл ішінде келіп түскен өтінімдер үлесі өте аз болды (10 өтінімге жетпеген).

Қазіргі таңда Қағидалар аясында жайылымдарды суландыру инфрақұрылымын құру және мал өсіруші шаруашылықтарды сумен қамтамасыз ету мақсатында № 4 паспорт қарастырылған, аталған паспортқа сәйкес инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 50 % субсидияланады.

Сонымен қатар, 7 жыл бұрын қабылданған «Жайылымдар туралы» ҚР Заңын жүзеге асыру шеңберінде «Жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2017 жылғы 7 сәуірдегі № 154 бұйрығы қабылданып, оған сәйкес республика

бойынша 2014-2019 жылдар аралығында 3 633 бірлік құдық пен ұңғыма қазу туралы жоспары бекітілген.

Бүгінгі таңда облыстардың деректері бойынша 2014-2023 жылдар аралығында жайылымдарды суландыру үшін республика бойынша іс жүзінде 12 852 бірлік құдық (ұңғыма) қазылды (яғни жоспар 3,5 есе артық орындалды), оның ішінде 9 296 бірлік құдық (ұңғыма) субсидияланды.

Жайылымдарды су көздерімен қамтамасыз ету есебінен 1 130,2 мың бас ірі қара, 3703,9 мың бас қой, 455,8 мың бас жылқы және 99,3 мың бас түйе шалғайдағы жайылымдарға шығарылды.

Сондай-ақ, өздеріңізге белгілі ағымдағы жылғы 27 ақпанда «Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, оған сәйкес, уәкілетті орган жайылымдық инфрақұрылым объектілерін дамыту және реконструкциялау және жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шараларды жүргізу жөніндегі жоспарларды әзірлеу әдістемесін әзірлеу және бекіту құзыреті қарастырылған.

Қазіргі таңда Министрлік аталған әдістемені әзірлеу бойынша тиісті жұмыстар жүргізіп жатыр.

Қабылданған Заңның аясында, облыстың жергілікті атқарушы органдары жайылымдық инфрақұрылым объектілерін дамыту және реконструкциялау, жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеп бекітеді және аудандық жергілікті атқарушы органдар оны іске асырады.

Ұлытау облысына келетін болсақ, облыс бойынша былтырғы жылы бірқатар су нысандарына, атап айтсақ, Қаражал қаласы Шалғия кентіндегі Шалғия су қоймасына және Жаңаарқа ауданындағы Манақа плотинасына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Аталған нысандарда суармалы жерлердің сумен қамтамасыз етуді арттыру, ауыл және балық шаруашылығын дамыту көзделуде.

Облыста жайылымдарды суландыру инфрақұрылымын құру және мал өсіруші шаруашылықтарды сумен қамтамасыз ету мақсатында № 4 паспортқа сәйкес 2023 жылдың қорытындысы бойынша 73 құдық/ұңғыма қазылып 290 млн.теңгеге жуық субсидия төленді.

Жоғарыда аталғандарды негізге ала отырып, Министрлік жайылымдар мен олардың инфрақұрылымының жай-күйін жақсарту, жайылымдардың тозу процестерін болғызбауды қолданыстағы нормативтік құқықтар актілер және қолданыстағы мемлекеттік қолдау тетіктері арқылы жалғастыруды дұрыс деп есептейді.

**Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі**

А. Сапаров

Орын. А. Панов

Тел. 555-934

panov.a@minagri.gov.kz